

Ә. Бөкейханның еңбектеріндегі қазақ тарихына, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелер

Нурмухамбетова Айнур

Ғылыми жетекшісі: Еуразия гуманитарлық институтының профессор қ.а.

т.ғ.к. Өскембаев Қ.С.

Еуразия гуманитарлық институты

Әлихан Бөкейхан - қоғам қайраткері, саясаткер, Алаш қозғалысының жетекшісі ғана емес, ол сондай-ақ талантты зерттеуші-ғалым екені баршамызға аян. Сол себепті Ә. Бөкейханның ғылыми мұрасы, зерттеу еңбектері де әр қырынан жан-жақты зерделенуі тиіс.

Ә. Бөкейханның қазақ халқының тарихына, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты жариялаған еңбектерінде қазақтың дәстүрлі шаруашылығының өзекті мәселелері маңызды орын алды. Дәстүрлі қазақ шаруашылығының даму заңдылықтары мен ерекшеліктері оның «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы», «Овцеводство в Степном крае», «Русские поселения в глубине Степного края», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Казачьи Адаевского уезда» және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Әсіресе 1913-1918 жж. шығып тұрған «Қазақ» газеттерінің көптеген нөмерлерінде тарихымызға, этнографиямызға байланысты жарияланған мақалалары жеткілікті. Мәселен, «Түрік баласы» деген атпен Әлихан Бөкейханның қазақтың шығу тегі жайлы мақалалары. Бізге қызығушылық танытқан мақалаларының бірі де осы тақырыпқа сай келеді. Бір мақаласында былай делінеді: «Тарих дейтін бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын; бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «Шежіре» деп атайды. Бұл заманның ғалымдары тарихты ең оңды мағлұм деп түсінеді. Тарих түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүниеде түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артыншаөзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады. Қазақ ішінде әр үйдің отағасысы, әр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естіген-білгені болса кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады. Бірақ ел ішінде жүрген шала молдалар, тарихтың не екенін білмеген надан қожалар тарих десе екі құлағы тік тұрады: «Тәйірі, тарих не керек? Ол не айтады дейсің. Әншейін ертегі өтірік қой. Құдайдың бұйрығы емес, Мұхаммедтің сөзі емес, оны оқу-білу не керек?» деп Ә. Бөкейхан, аңқау елге арамзалығын қылып, тарихтан жұрттың көңілін суытатындығын көрсетеді.

Тарих не айтады десеңіз, оның айтатыны мынау деп ойын әрі қарай былай жалғастырады: «Біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екендігі, не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендігі бір істің нәтижесінен туған болады. Со секілді келешекте біздің басымызға түсешек бір уақиға, осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ қандай істен, қандай нәтиже туатынын анық білеміз. Жақсы істен - жақсылық, жаман істен - жамандық тумақшы. Бұрынғының «не ексең - соны орасың» деген сөзінің терең мағынасы осы. Құдай не жазса, соны көреміз деу - соқырлықтың белгісі. Тағдырда жазғаны бұлар деу - ақымақтықтың белгісі. Адам не тілесе, құдай соны тағдыр қылмақшы. Тікен екен жерге бидай шықпақшы емес. Ағаштың тамырына балтаның жүзі тесе құрамақшы... .

Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады. Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күні-күнімен жазылып тұрылады. Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс, рахмет алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс лағнет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих - түзу жөнді үйретуші. Тарих - түзушіліктің кітабы. Тарих тіршілікте жолбасшы дейтініміз осы.

Біз әзірге сөзді осыменен қысқарта тұрамыз. Мұнан соң «Қазақ» газетасында қазақтың анық шежіресін жазып тұрмақшымыз» - дейді Ә. Бөкейхан [1].

Ә. Бөкейханның 1896-1901 жылдары Ф.А. Щербина бастаған экспедицияның мүшесі ретінде далалық облыстарды статистикалық тұрғыда зерттеуге қатысуы барысындағы тәжірибесі мен соның нәтижесінде жинақталған деректік материалдары қазақ халқының шаруашылық жүйесіне қатысты айтылған ғылыми пікірлері мен қорытындыларына негіз болды.

Ә. Бөкейхан экономист-ғалым ретінде қазақтардың шаруашылық жүйесін олардың мекен еткен ортасының ерекшеліктерімен тығыз байланыстыра зерттейді. Яғни көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтары мен Қазақ даласының табиғи-географиялық ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасай отырып, далалық облыстардың табиғи-климаттық жағдайы мен топырақ қабатының сапалық қасиеттері бұл аумақтарда кең көлемде егін шаруашылығын жүргізуге қолайсыздығын әрі оның экономикалық-экологиялық тұрғыда тиімсіздігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берген-ді. «Русские поселения в глубине Степного края» атты еңбегінде Ә. Бөкейханов: «... форма хозяйства не меняется по циркуляру, а является неизбежным продуктом природы данной местности и культуры, киргизской или крестьянской – все равно. В Киргизской степи пресс на хозяйство естественных условий громадный – и усилию человека остается ограниченное поле для приложения. Здесь царит господство стихии. Если где не следуют идти против природы, а нужно разумно к ней приспособляться, то это необходимо соблюдать в Киргизской степи по отношению к форме хозяйства» [2].

Салыстырмалы түрде егін шаруашылығына қолайлы деген Ақмола облысына шаруаларды қоныс аударудың экономикалық тиімділігі туралы мынандай қорытынды жасайды: «Статистические исследования показали, что выгоднее переселяться сюда средним хозяйствам; богатым часто бывает невыгодно, а неимущим и малорабочим трудно; последним трудно потому, что при местных почвенных, климатических и др. условиях заведение хозяйства требует с первого же года больших затрат денег и труда; богатому невыгодно подвергать себя риску потому, что неурожай может поставить его в тяжелое положение. Хотя переселенцам и выдаются пособия лесом и семенами и денежные ссуды (в 1900 г. на всю Акмолинскую обл. было выдано ссуд на 405.124 руб.), но их нельзя назвать достаточно обеспечивающими переселенца на новом месте, как это и показали последние три года, когда потребовались сотни тысяч рублей на продовольствие переселившихся в Акмолинскую область» [3].

Дәйекті дәлелдер арқылы Ә. Бөкейхан қоныс аудару саясатының қарқынын арттырудың ешбір ғылыми негізі жоқ екендігін және оның экологиялық салдары көп уақыт өтпей-ақ сезілетіндігіне патша үкіметінің назарын үнемі аудартып отырды. Ол өз еңбектерінде патша үкіметінің аграрлық саясатының отарлық мазмұнын әшкерелеп қана қойған жоқ, сонымен қатар осынау сын сағатында жер мәселесі бойынша қазақ халқына отырықшылық норманың емес, көшпелі шаруашылықты сақтап қалудың қажеттілігін дәлелдеп, қазақ жеріне қоныс аударып келген шаруалардың жерді пайдаланудағы көрініс берген келеңсіз құбылыстарын сынға алды. Патша үкіметінің қазақтарды отырықшыландыру саясатының астарында отарлық саясат жатқандығына қоғамның назарын аудартты: «... көшпелі халық ақырында бір отырмақшы десек, 250 жылда бәрі жатақ болмақ. Міне, эволюция жолының шабаны, жер жүзінде қанша отырған мәдени халық осы ғұмырдың шабан жолымен отырықшы болған. Бұл шабан жол қағазға жазылып, он бестен жер белгілеп алғанға бұзылмайды. Мал бағып, шаруа қылып отырған халық қағазбен он бестен жер бергенге егінші болып кетпейді... Мемлекет

қазақты өзінің баласының бірі қылса, қазақты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырар еді. Сонда қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді» [4].

Ә. Бөкейханов XIX ғ. бастап қазақтардың шаруашылығындағы өзгерістерге негізгі себеп болған отарлық аграрлық саясат қана емес, сонымен бірге қоршаған орта мен экономикалық заңдылықтар екендігін ашып көрсетеді: «... современная хозяйственная жизнь последних (казахов – авт.) не укладывается в простую формулу примитивной экономики полудикого кочевника, постоянно меняющего место стоянки и передвигающегося со своими стадами, в поисках для них подножного корма и лучшего водопоя. Былое, чисто пастушеское хозяйство киргиза, постепенно уступает место смешанному земледельчески-пастушескому типу; это наблюдается, по крайней мере, в тех местностях, где естественно- исторические условия и экономическая конъюнктура оказались благоприятными для развития земледелия. В этом отношении Киргизский край (Семипалатинская, Акмолинская, Тургайская и Уральская области) можно схематически разбить на два района: северный, лежащий выше 50-ой параллели, благоприятный для земледелия, и южный – где плохая почва, скудость атмосферных осадков и отдаленность от рынков делают земледелие в сколько-нибудь значительных размерах невозможным» [5].

Ә. Бөкейханов өзінің ғылыми-публицистикалық еңбектерінде қазақ халқының шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне, жер мәселесіне үнемі мән беріп отыруының себебі – бұл сол кездегі үлкен саяси мәселе-тін. Ол Ресей үкіметінің отарлық аграрлық саясатының күшеюіне байланысты еді.

Соған орай патша үкіметінің отарлық мәнге ие аграрлық қоныс аудару саясатының салдары қазақ жері мен көшпелі мал шаруашылығы үшін қаншалықты ауыр болғандығын былай дәлелдейді: «При спешном и массовом переселении крестьян в киргизскую степь весьма возможно, что ее целина будет выпажана раньше, нежели крестьянские хозяйства успеют принять более интенсивную форму. Киргизская степь, лишившись вековой целины, окажется бесплодной и, при современной технике крестьянского хозяйства перестанет давать урожаи. Здесь повторятся знакомые неурожаи юго-восточной России. Распылив превосходные пастбища киргизской степи и обратив ее в пустыню, крестьянин окажется у разбитого корыта, а киргизы, лишившись к тому времени своих пастбищ, окончательно обнищают, если только пролетаризованные новыми условиями жизни, они не переселятся на горные заводы и в города» [6].

Қазақ жерінде жүргізілген отарлық сипаттағы аграрлық саясат нәтижесінде табиғат игіліктерін пайдалану жүйесі сапалық тұрғыда өзгерістерге ұшырады. Өйткені, этникалық кәсіп пен экологиялық мәдениет бір бірімен өте тығыз байланысты және ажырамас ұғымдар. Сондықтанда, ресейлік шаруалардың далалық облыстарға, яғни табиғи ортасы мүлде бөлек жаңа жерлерге жаппай қоныс аударылуы олардың дәстүрлі экологиялық мәдениетінің жоғалуына әкеп соқтырды. Бұрынғы үйреншікті табиғи-климаттық, географиялық ортада сан жылдар бойы қалыптасқан дағдылары мен шаруашылық жүргізу тәжірибесі мүлде басқа табиғи ортада іске жарамай қалды. Ал жаңа ортаға бейімделгенше ондаған жылдар қажет еді және осы уақытта өзін қоршаған ортаға едәуір нұқсан келтіріп үлгеретін болды. Бұл әсіресе, орыс шаруаларының егін шаруашылығын жүргізуінде ерекше көрініс тапты. Өйткені, Қазақстандағы қоныс аударушылар шаруашылығы еуропалық Ресейдегі шаруалардың шаруашылығымен генетикалық жағынан байланысты болды. Шаруа өзі туып-өсен деревнясындағы қарапайым техниканы қолданып, жаңа жерлерге шаруашылық жүргізудің нақ сол экстенсивті әдісін ала келді. Тіпті, техника қолдануды ұлғайтуға және жер өңдеуді жақсартуға материалдық мүмкіндігі бар ауқатты қожайындардың өздері де егіс алаңын жай ғана кеңейтуді артық көрді. Сөйтіп, шаруаның арманы – жердің молдығы оның шаруашылығын тұйыққа тіреген болып шықты [7].

Бұл бір жағдай болса, екінші фактор ол – егін шаруашылығының тауарлық-өндірістік сипат алуының экологиялық салдары орасан болды. Себебі, егіншіліктен пайда табу мақсатында ресейлік шаруалар мен казактардың тарапынан, ішінара қазақ байларының тарапынан да неғұрлым тың жерлерді мейлінше көбірек жыртып, мол өнім алуды көздеді.

Бұл жағдай өз кезегінде жердің құнарсыздануына, топырақтың эрозиясы мен шөлдену, сорлану үдерістеріне алғышарт жасады. Сонымен бірге, Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударған шаруалардың басым бөлігі Қазақ жеріне келіп отбасының өмірін сақтап қалып, кейін шаруашылығын түзеп дәулетті шаруа ретінде қалыптасқандығы тарихи факт. Өйткені, сол тарихи кезеңдегі зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына қарағанда, XIX ғ. соңына қарай Ресей деревнялары кедейшілік жағдайына жеткен. Бұл турада Ресейдің аграрлық тарихы бойынша маман М. Туган-Барановский былай деп жазған еді: «О многом можно спорить, но одно кажется в настоящее время бесспорным – это самый факт разорения русской деревни.... Русская деревня обнищала и дошла до такого состояния, что ждать с энергичными мерами помощи более нельзя: по всей нашей необъятной стране – в Приволжье, Малороссии, на западной окраине и в «оскудевшем» центре, - как красные огоньки начинающегося великого степного пожара, побежали вспышки крестьянских волнений и беспорядков.... Всем стало ясно, что нужно, наконец, перейти от теоретических рассуждений к решительному практическому делу» [8].

Ә. Бөкейханның ғылыми-зерттеу әдісі өзінің кешенділігімен ерекшеленеді. Қазақ халқының шаруашылық жүйесі тарихи, әлеуметтік, этнографиялық, табиғи-климаттық, экологиялық заңдылықтар арқылы талдауға түседі. Ә. Бөкейханның ғылыми және публицистикалық еңбектері фотосурет деректерімен, статистикалық мәліметтермен және диаграммалық кестелер арқылы толықтырылып отырады. Мәселен, «Овцеводство в Степном крае» атты еңбегінде қой шаруашылығын жүргізудің барлық қырлары терең талдауға түскен. Онда далалық облыстардағы қой шаруашылығының статистикалық есебінен бастап, қой мен ешкіні бағу, төлдету, жаю, сауу ерекшеліктеріне, өнімін өңдеу мен ұқсату жолдарына, экономикалық маңызы мен әлеуметтік мәніне және т.б. бағыттарына жан-жақты талдау жасаған.

Мысалы, ол өзінің аталмыш еңбегінде сол кезеңде ешкі малын байлардың да көбірек ұстай бастағанын атап көрсетеді. Қойдың өсімін біршама сақтап қалу үшін олар қонаққа бұрынғыдай қозы емес, енді лақ соятын болған. Және де жұмысшы күшіне беретін еңбекақыны қоймен емес, ешкімен төлеуді жолға қойған. Өйткені, сол кезде 1 қойдың құны 2 ешкімен бағаланатын болған. Сондықтанда ешкі өсірудің әлеуметтік мәні осылайша бірте бірте артып келе жатқандығын айқындап береді.

Ә. Бөкейхан өзінің қоғамдық-саяси қызметі арқылы тек қазақ халқы мен жерінің мүддесі үшін күрес жүргізіп, ғылыми еңбектері арқылы елінің тарихы мен мәдениетін зерттеп-зерделеген жоқ, сонымен бірге қазақтың төрт түлігінің де қасиеттерін терең бағалап, қазақы малдарға қатысты айтылған сыңаржақ пікірлерді жоққа шығарады. Мысалы, кейбір ғалымдар қойларда ешбір «интеллект» болмайтындығын атап көрсетсе, Ә. Бөкейхан қазақы қойлардағы «интеллектінің» жоғары екендігін ерекше атап көрсетеді: «...нужно заметить, что киргизская овца, не говаря уже о козлах, не может принять на свой счет установившееся мнение о классической глупости барана. Киргизская овца отличается прекрасною памятью пространства; ягнята возвращаются с новой стоянки за 10-15, иногда 20 верст на старую; старые овцы помнят на осенних и зимних пастбищах участки их с более вкусными травами: этим ее знанием места киргизы пользуются в трудные зимы, когда приходится расчищать снега, следуя при этом указаниям овцы. Киргизская овца имеет острое чутье, которое обнаруживается всякий раз, когда угрожает опасность стаду от исконного врага его – волка; его овцы чувят по запаху и дают об этом знать, топая ногами, фыркавая и убегая от него в поле к пастуху, ночью под защиту юрт аула. Отшатнувшаяся от своего и захваченная чужим стадом овца не успокоится до тех пор, пока не отыщет собственное стадо. Вожаки стада – «еркеккой» - в сметливости нисколько не уступают козам – «серке». Киргизская овца, находясь на подножном корме, скитаясь по степи зимою и летом и ведя за существование стала сметливее и умнее культурной овцы» [9].

Көшпелі мал шаруашылығының басты негізі – төрт түлік малды жылдың барлық мезгілінде де тебінде ұстау. Қазақ жерінің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты және түрлі табиғи зоналардың тоғысында орналасқандықтан төрт түлік малды өсірудің

өзіндік заңдылықтары қалыптасты. Мәселен, қазақ халқының көшпелі шаруашылығының экономикалық заңдылықтарына тоқтала келе, Ә. Бөкейхан далалық облыстардың уездеріндегі өсімдік әлемінің әр түрлілігіне сәйкес төрт түлік малға қажетті жайылым көлемі де әр түрлі қалыптасады деген қорытынды жасайды.

Ә. Бөкейханның қазақтың дәстүрлі шаруашылығына қатысты жазған еңбектерінің түпкі мақсаты – патшалық Ресей үкіметінің отарлық мәнге ие қоныс аудару мен қазақ жерін жаппай тартып алу саясатына ғылыми тұрғыда негізделген дәлелдері арқылы қарсы тұру болды. Қазақ даласының табиғи-климаттық ерекшеліктері мен көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтарын есепке алмай жүргізілген аграрлық саясаттың жергілікті халықтың да, қоныс аударушылардың да шаруашылығына зиянын тигізетініне патша чиновниктерінің көзін жеткізу еді.

Жалпы, Ә. Бөкейханның қазақ халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлі мал шаруашылығы жәйлі ғылыми тұрғыда негізделген ой-тұжырымдары бүгінгі күннің талаптарына сай осы бағыттағы өзекті мәселелері бойынша тәжірибелік маңызға ие.

Қазақстан тәуелсіздігінің келесі жылы болатын 30 жылдығы аясында халқымыздың біртуар азаматы Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толуына орай өткізіліп отырған республикалық іс-шаралардың қорытындысы ретінде еліміздің жетекші университеттерінің біріне оның есімі беріліп, Елордада ескерткіш орнатылса ұлттық сана үшін үлкен мәні бар іс болар еді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 бет.
2. Тынышбаев М. История казахского народа, - Алматы, Санат, 1998.
3. Асфендияров С.Д. История Казахстана с др. вр. 2-ое изд. под ред. проф. А.С. Такенова - Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1993
4. Тынышбаев М. Таңдамалы. - Алматы: Арыс, 2001
5. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. -Ташкент, 1925.
6. Жүгенбаева Г. Мұхаметжан Тынышбаевтың адмерал колчакқа хаты //Егемен Қазақстан - 1999. - 4 қыркүйек (№6). – Б. 24-26.
7. Төлбасиева С.Қ. М. Тынышбаев – қазақ шежіресін зерттеуші //Қазақ тарихы, 2004. - №1. -Б. 83-86.
8. Асфендияров С.Д. История Казахстана. -Алматы: Санат, 1993.
9. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. -А., 1993.

Қазақстандағы неміс диаспорасы тарихының зерттелуі

Орманбет Е.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Мусағалиева А.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих тағылымы кез келген өркениетті елдердің ұлттық тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейін, мемлекет құрушы ұлттан басқа да ұлттардың мемлекет дамуына қосқан үлестерін назардан тыс қалдырмай, орнын айқындап отырады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ жеріне тағдыр талқымен келген, өзге ұлттардың қоныстану тарихы, жаңа жерге бейімделуі және тіршілігі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда көп этносты ел болып табылатын Қазақстан Республикасында 130-дан артық этнос өкілдері, соның ішінде немістер өмір сүреді. Осы жағдайда мемлекет пен азаматтық қоғамның басым міндеттерінің бірі – Республикада этнос аралық және конфессия аралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады, оған елімізде тұратын халықтардың тарихи, мәдени мұрасын зерттемей, қол жеткізу мүмкін емес.